



ШЕШІМ

06.05.2021

Нұр-Сұлтан қаласы

РЕШЕНИЕ

№ 36/5-VII

город Нур-Султан

«Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 6-бабының 2-3 тармағына, «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы № 504 қаулысына сәйкес, Нұр-Сұлтан қаласының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласында әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидасы туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 221/25-VI шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1149 болып тіркелді) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген шешімімен бекітілген Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерлерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларында (бұдан әрі – Қағида):

16-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«16. 9 мамырға (Жеңіс күні) әлеуметтік көмек келесі санаттағы азаматтарға көрсетіледі:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне – 67 АЕК;

жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлерге (осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) – 35 АЕК;

басқа мемлекеттердің аумағындағы соғыс қимылдарының ардагерлеріне (осы Қағиданың 15-тармағында көрсетілген адамдарды қоспағанда) – 20 АЕК;

басқа адамдарға, еңбек ардагерлеріне – 11 АЕК. »;

35-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) жеке басты куәландыратын құжат;»;

40-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) жеке басты куәландыратын құжат;»;

52-тармақ мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) санаторлық-курорттық емдеу шығындарының орнын толтыру:

мүгедек балаларды және жеке оңалту бағдарламасында жеке көмекшінің әлеуметтік қызметтері көзделген бірінші топтағы мүгедектерді (жұмыс берушінің кінәсінен жұмыста мертігуге ұшыраған немесе кәсіптік ауруға шалдыққан мүгедектерді қоспағанда) алып жүруші адамдарға;»;

53-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) жеке басты куәландыратын құжат;»;

мынадай мазмұндағы 53-1-тармақпен толықтырылсын:

«53-1. Осы Қағидалардың 52-тармағының 2-1) тармақшасында көрсетілген әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші санаторлық-курорттық емдеуден кейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей келесі құжаттарды қоса бере отырып, әкімшіге өтініш ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

2) шот-фактура немесе фискалды чек;

3) атқарылған жұмыстар актісі;

4) екінші деңгейдегі банктегі немесе «Қазпочта» акционерлік қоғамындағы банктік шоттың нөмірі туралы ақпарат;»;

мынадай мазмұндағы 58-1-тармақпен толықтырылсын:

«58-1. Санаторлық-курорттық емделуге арналған шығындарды өтеу түріндегі әлеуметтік көмек осы Қағиданың 52-тармағының 2-1) тармақшасында көрсетілген азаматтардың қатарынан бір адамға, олар санаторлық-курорттық емдеуді ұсынатын ұйымда болған кезеңге нақты шығындар мөлшерінде, бірақ 35 АЕК-тен аспайтын мөлшерде беріледі.»;

77 тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

«77. Әлеуметтік көмек алу үшін өтініш беруші әкімшіге төмендегі құжаттарды қоса отырып өтініш ұсынады:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табыстары туралы мәліметтер;

3) ата-анасының қайтыс болуы туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);

4) көп балалы отбасы мәртебесін растайтын құжаттың көшірмесі (көп балалы отбасылардан шыққан балалар үшін);

5) туу туралы куәліктің көшірмесі (жетім балалар үшін);

6) Нұр-Сұлтан қаласының орта мектебін бітіргені туралы аттестат;

7) Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру мен тестілеудің мемлекеттік стандарттарының ұлттық орталығы әзірлеген технология бойынша өткізілетін кешенді тестілеу (бұдан әрі – тестілеу) нәтижелері бойынша берілген мемлекеттік сертификат;

8) екінші деңгейдегі банктегі немесе «Қазпочта» акционерлік қоғамындағы банктік шоттың нөмірі туралы ақпарат.»;

98-тармақтың 1) тармақшасы жаңа редакцияда жазылсын:

«1) жеке басты куәландыратын құжат;».

2. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі осы шешімнің орындалуын Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлсуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының төрағасына А.Ж. Табулдинаға және Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Б.М. Мәкенге жүктелсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2021 жылғы 1 мамырдан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихаты
сессиясының төрағасы**

**Нұр-Сұлтан қаласы
мәслихатының хатшысы**



Н. Көпешов

Е. Каналимов